

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы № 1156 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1493 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы № 1156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 41, 377-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін: мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Академияның профессор-оқытушылар құрамының, басшы қызметкерлерінің (ректор, вице-ректорлар, бөлімшелердің жетекшілері мен олардың орынбасарлары) лауазымдық жалақылары (ставкалары) Академияның бекітілген еңбекақы төлеу қоры шегінде 1,5-тен бастап 2,5-ке дейін арттыру коэффициенттерін қолдану арқылы айқындалады деп белгіленсін.

Лауазымдық жалақыға арттыру коэффициентінің нақты мөлшері лауазымдар санатына қарай сараланып және Академия ректоры бекітетін тәртіппен белгіленеді.»

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов